

Ж.З. Кадина*, Б.С. Сатеева

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: kadina_71@mail.ru, serekbekovnabota@mail.ru)

Ұлттық ділімнің төрт түлік атауларына қатысты тілдегі бейнеленуі

Мақалада қазақ халқының ұлттық ділімінде көрініс тапқан мал атауларының берілісі, оның тілдегі тығыздығы, ассоциативтік кеңістігі сөз етіледі. Менталитет, әрине, көптеген ішкі-сыртқы факторларға байланысты. Рухани қазынаның, тарихтың иесі — ұлт, сол ұлттың жағрафиялық ортасы, нақты ісі, өмір сүру тәсілі оның тілдік жүйесінде өзіндік ерекшелікпен қалыптасады. Зерттеуде қазақ ділімінің негізінде жатқан төрт түлік атаулары ұлттық дүниетаным ерекшелігіне байланысты қарастырылды. Қазақ халқының ұлттық ділімінің өзгешелігін малжандылықта көруге болады. Қазақтың негізгі өмір сүру тәсілі — малды бағу болғандықтан, теңеулердің жалпы мазмұнында адамдардың мінезі, түрі, қылығы төрт түліктің қимылымен, жүріс-тұрысымен теңеуге түсіп, көрсетіледі. Орыс халқының негізгі іс-әрекеті жерді өңдеу шаруашылығымен байланысты тілінде түйінделеді. Ұлттық ойлау жүйесінің ерекшелігін көрсету үшін теңеулерді егіз қозыдай, түйе өркешіндей, қойдай жуас, сиырдың бүйрегіндей, көгендеулі қозыдай т.б. келтірілген. Екі тілдегі «жылқы», «мал», «сиыр», «қой» ұғымдарымен байланысты сөздерді салыстыра келе, идеографиялық жағынан айырмашылықтарын дәлелдеуге тырысқан. Әр ұлттың өзіндік ойлау ұғымдарын сипаттаудан туған тілдік бірліктер оны басқа халықтан айырып танытын белгілеріне айналады. Тіл адам баласының таным қабілетінің сырттануы, оны сақтау, жетілдіру түпнұсқаны тануға байланысты болады. Мал атауларының қатысуымен берілген фразеологиялық тіркестерде, мақал-мәтелдерде, теңеулерде ұлттық әлемнің тұтас бейнесі сақталғанын көреміз.

Кілт сөздер: ділім, тіл, этнос, дүниетаным, жағрафиялық орта, төрт түлік, тұрмыс-жағдай, коммуникация, әлемнің бейнесі, ұлттық сана, мінез-құлық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, образдылық, теңеу.

Кіріспе

Қай тілдің болмасын тұнық сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түп тамыры, тіл иесі ұлттың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихының қалың беттерімен, мәдениетімен, ұлттық мінез-құлқымен толық танысу қажет. Белгілі бір халықты тану үшін сол халықтың ділімін, яғни этностың өзіндік бет бейнесі, ерекшелігін ұғына алу керек.

Қазақ халқы ділімінің де өзгешелігі бар. Ділім ұғымын адамдардың нақты ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Менталитетке халықтардың тұрмыс-жағдайынан, қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығын жатқызуға болады.

Лингвомәдениеттануда және когнитивтік лингвистикада ділім ұғымы этностың сана сезімінде қалыптасқан әлемнің бейнесі ретінде зерттелінеді. Біздің ойымызша, осы анықтамада ділім ұғымының мәнісі дәл көрсетілген, сондықтан да анықтаманы негізге алып, ділімнің көріністеріне ұлттық сана, ұлттық ойлау жүйесін, наным-сенімдерді, көзқарасты жатқызамыз. Егерде менталитет ұлттық психологияның, ұлттық дәстүрлердің көріністері болса, онда әр ұлттың менталитеті әр түрлі болып, бір-біріне сәйкес келмейді. Осы сәйкессіздік ұлттық тілде және халықаралық коммуникацияда, біздің байқауымызша, жиі кездеседі. Ә.Қайдар этносты, этнос болмысын тек оның тілі арқылы толық түсінуге болатынын, этнос өміріндегі «мол деректер мен мағлұматтарды тіл ғана бойына сыйғызып», ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетінін, тіл этностың өзін танып-білудің қайнар бұлағы екенін айтады. Осыған орай халықтардың менталитетінің сәйкес еместілігін тілдік бірліктерде бейнеленуін қарастырайық: ол үшін әр халықтың менталитетінің қалыптасу жағдайын, ерекшеліктерін анықтайық.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kadina_71@mail.ru

Әдістер мен материалдар

Әр халықтың менталитетінің ерекшелігі бар, себебі әр халықтың менталитеті түрлі табиғи-жағрафиялық ортада қалыптасады. Қоршаған ортаны біркелкі түрде халықтар қабылдай алмайды. Ділім қоршаған ортаның жағдайына қарай, этностардың табиғатына сай сәйкес, күнделікті тұрмыста орындайтын іс-әрекеттің бағытына орай ерекшелікте қалыптасады. Мысалы, қазақ менталитеті европалықтар шеңберіне симайды.

Қазақ қандай кең болса, оның менталитеті де мол, рухани жағынан өте бай. Менталитет ең бастапқы түрде туған жағрафиялық ортаға, материалдық негізге, әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты. Д. Кішібековтің айтуынша, қазақ менталитетінің кейбір ерекшеліктері бар: «Ол ерекшеліктер: біріншіден, ұдайы мал бағып, соның соңында көшіп, қонып жүрді. Ол үшін кең дала, жазық жайлаулардың, тіпті шөлді жерлердің қажеттілігі еді. Екіншіден, көшпелі халықтың бүкіл өмір сүру тәсілі, әдет-ғұрпының сол көшпелі тұрмысқа, тұрған үйі, киген киімі, ішкен тамағы — бәрі сол жағдайға орай сәйкестендірілгені. Үшіншіден, көшпелілердің бір жерге шоғырланбай мал бағу жағдайына сәйкес ауыл-ауыл болып, бірінен-бірі алшақ тұруы [1].

Көріп отырсақ, қазақ менталитетінің қалыптасуына оның кең даласы, көшпелілік тұрмыс-салты, мал бағу іс-әрекеті үлкен әсер еткен. Ал, орыстар, гректер ділімі мүлдем басқа географиялық ортада қалыптасқан. Теңіз жағасында тұру, отырықшылық жағдайда бидай, жеміс-жидек, көкөніспен шұғылдану — осының бәрі де гректердің мінез-құлқын өмір сүру тәртібіне, отырықшылық өміріне орай сәйкестендірген. Ділімнің қалыптасуына ең бастапқы ықпал еткен күнделікті тұрмыстық іс-әрекет. Егерде қазақтардың негізгі өмір сүру тәсілі — мал бағу болса, орыстар, гректердің негізгі іс-әрекеті жерді өңдеу, шаруашылықпен шұғылданудан, дақылды өндіру. Сонымен қоса, гректер де мал, қой бағып, теңізбен байланысты — теңіздік іс-әрекетпен айналысқан: балық аулау, теңіз іс-әрекетімен шұғылдану, губкаларды жинау. Оларда жерді өңдейтін диханшылық шаруашылық басымырақ болды. Сондықтан, олардың салт-дәстүрлері де, мінез-құлықтары да осы екі негізгі (теңіз ісі, ауыл шаруашылығы) кәсіпке орай қалыптасқан. Орыс халқының негізгі іс-әрекеті жерді өңдеу шаруашылығы, балық аулау кәсібі, теңізбен байланысты іс-әрекет. Орыс менталитеті осы шаруашылықтардың бағыттарына сай қалыптасқан.

Қандай да бір халықтың ерекшеленген негізгі іс-әрекетіне байланысты туған тілдік бірліктер оны басқа халықтан айырып танытын белгілерге айналады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерде ежелден келе жатқан сабақтастық та, тарихи аралас-құраластық та, ұзақ көршілес отырғандықтан болатын ауыс-түйістер де, сондай-ақ халықтың өзіне ғана тән, басқа жұртқа ерсілеу көрінетіндері де болады. Қазақ халқы да басқа ұлт өкілдері секілді дүниетанымдық көзқарасын, салт-дәстүрін т.б. тілінде түйіндеген. Оларды тұтас құрылым жүйесінде анықтап сақтаған, халық өмірінің, мәдениетінің бейнесі немесе «дүниенің тілдік бейнесі» деп сипаттауға болады. Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктерімен анықталуы арқылы ана тілінде сақталады.

Қазақ халқының ұлттық энергиясының — ділімінің өзгешелігін біріншіден, малжандылықта көруге болады. Қазақ малын қадірлеген, өйткені көшпелі қазақ қоғамының өндірісі — малды баптап, күту. Мал жесе тамақ, кісе — киім, оның өнімі — баспана болған. Қазақ малды «төрт түлік» деп, оны сан-қилы мақал-мәтелдерінде бейнелеген, мысалы: мал екеш мал да, от жеп су ішкен жеріне тартады; туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе ойнайтын топырағы да дәрі; ай мүйізді қошқар, қысыр емген тайдай, ала тайдай бүлдірді, егіз қозыдай, кәрі қойдың жасындай жасы қалды, мал құлағы саңырау, мал сілекей алды, мал құмар, сиырдай мүйізdestі, сиырдың бүйрегіндей бытырады, сиыр мінез, сиыр құйымшақтатты т.б.

Қазақ әсіресе жылқы малын бағалаған, себебі жылқы мінсең көлік, ішсең ашытқан сүті қымыз, мейірің қанады, жесең тамақ, кісең киім. Сондықтан да қазақ жылқы малын қадірлеп, былай деген: «Қасиетті жануар. Біздің тегіміз — түркі, түлігіміз жылқы. Содан да болар атам қазақ: қой — береке, түйе — ғазиз, ал аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады, — дейді. Жылқы төрт түліктің төресі. Тәкаппар, сезімтал, кірпияз, киелі жануар» («Егемен Қазақстан» газетінен). «Бір бие бұлақ басы, екі бие елдің асы, үш бие — теңіз, теңіздегіні бермеген доңыз» — деп қазақ жылқы малының берекесін айтады, қонақжайлылыққа тәрбиелейді.

Қазақ жасынан атқа мініп үйренген, өмірі, барлық іс-әрекеті осы жануарлармен тығыз байланысты, қазаққа ең даласын танытқан, оның шегі мен шексіздігін сездірген киелі жануар жылқы, сондықтан да «ат» түлігімен байланысты алуан-түрлі фразеологизмдері де бар, мысалы: ат соқты, ат басын бұрды, ат басын тартты, ат басындай алтын, ат басын тіреді, ат бойы, ат бауырына алды, ат

жаратты, ат жарыс, ат жетпес, атан жетпес жерді, атқа мінер, ат қосы, ат құлағы көрінбейді, ат құлағында ойнайды т.б.

Атқа байланысты фразеологизмдерді семантикасы жағынан бірнеше топқа бөлуге болады. Ол топтарда адамның түрін, мінез-құлығын бейнелейтін фразеологизмдер баршылық, мысалы, жеңілтек, ұшқалақ, мінез: атқа жеңіл құдаша, ат бауырына алды (қатыгез), тағасыз аттай (сөзінде тұрмайтын), атқа мінер (пысық), ат құлағанда ойнайды (пысық, икемді), ат мінгізді, тон кигізді (қонақжайлылық), ат үстінде ұйықтады (мазасыз, тынышсыз), биені жұтады, құдайымдай, тайын Тәңірісіндей көрді (сараң адам), ат ойнатты (астамшылық жасайтын өктемді адам туралы), аттай желді (еңбекқор, ерінбейтін адам), атта жал, адамда қам жоқ (жеңілтек, ештеңені ойламайтын адам туралы), ат сауырына алып келген (ер жүректі адам), атой салды (жауынгер мінезді адам), ат көпір қылып алды, ат көпір қылып беру (дархан мінез туралы), т.б.

Қазақтар түйені Ойсылқара дей отырып, оған ерекше мән берген. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығы түйесіз мүмкін емес-ті, сондықтан түйе қазақ үшін қымбат мал. Қазақ түйені киелі мал деп есептеген. Түйенің зор денесі, күші, жуас та жайлы мінезі, көнбістігі оған адам баласын ырза еткендей. «Ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді», «Қабырғалы қара нар қабырғасын сөксең, бақ етпес», «Нар жолында жүк қалмас», «Түйе жүкті көтере алса, шөмішті де көтереді» (М. Қашқари); «Түйенің өзі дәу болғанымен, құмалағы дәу болмайды» (М.Қашқари); «Інген ыңыраңса, бота боздайды (М.Қашқари); «Алыс жолдың іздерін түйе білер» (Қорқыт); «Түйе сілкінсе, есекке жүк шығады» (М.Қашқари); «Түйені тепкілеп жұмсау үшін ұстайды депті біреу» (С. Сарай); «Түйеде жоқ ерлік, арыстанда болады» (С.Сарай) деген мақал-мәтелдерде және ғұламалардың айтқан қанатты сөзінде түйені қасиет тұтып кие санап, қадірін жете ұғынған. Түйе туралы фразеологизмдердің С. Кеңесбаевтің сөздігінде бірталайы берілген: *түйеден түскендей ету* (дөрекі, орынсыз), *түйе кекірік* (өлшеусіз тойып кеткендей кекірік), *түйе үстінен сирақ ұйту* (ебедейсіз, болбыр адам), *бір күн бие, бір күн түйе* (жағымсыз мінез), *сөзі түйеден түскендей* (дөрекі сөз), *түйенің тұяғы түскен жер* (алыс, қашықтық), *түйенің жарты етіндей* (шектен тыс семіздік), *қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің; ақ түйенің қарны жарылу* (молшылық), *түйе қомында жүріп* (күй таңдамау), *түйе қотыр сөз* (біреуді қажай айтылатын сөз), *түйенің танитыны жапырақ* (білетіні бірақ нәрсе), *түйені түгімен жұту, түйе өркештеніп жатыр* (қырат жер), *түйе үстінен ит қапты* (ікемсіз, болбыр), *үстінен түйе жүріп өтсе де* (маубас, момындық), *түймедейді түйедей қылды, шөккен нардай* (тым үлкен) т.б. [2].

Малдың сапасы тіршілік қажеттілігіне байланысты. Әр түліктің өзінше бағасы бар, мысалы, М.Әуезов өлген азаматтың құнына беретін бағаны түйемен есептегенін көрсетіп отыр: «Әзімханның өлімін ырғайлы жоқтаусыз қалдырған жоқ. Ол жақтан жылқы аламыз деп барып, кісі де өлтірді... кегін де алды... Әзімхан басына жүз түйенің құнын да (қымбат төлеу деген мағынасында) алды (М. Әуезов. Қаралы сұлу. 269-б). Е. Жанпейсов те түйенің құнын өзінің еңбегінде көрсетіп, оның құндылығын, қаншаға бағаланғанын атайды [3].

Сиыр малына байланысты фразеологизмдерді атауға болады. Мысалы: *сиырдай мүйізdesti* (төбелесті, қырылысты), *сиырдың бүйрегіндеі бытырады* (бет-бетіне тарап кетті), *сиырдың жорғасы секілденіп* (кекесін сөз), *сиыр құйымшақтатты* (аяқсыз қалды, берекесізденді), *сиыр мінез* (сүйкімсіз қылық), *сиыр сәске (түс), сиыр тектес* (жөн сөйлемейтін, қисық), *бұзау тіс* (қамшы өрілген ірі), *сүзетін бұқадай* т.б. V–XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалында сиыр, өгіз туралы келесі мақал-мәтелдер, қанатты сөздер кездеседі: «Сүзеген сиырға құдай мүйіз бермейді» (М.Қашқари); «Қара өгіз балтадан қорықпайды (М.Қашқари); «Үйдегі бұзау өгіз болмас» (М.Қашқари) т.б.

Фразеологизмдердегі образдылық адамның дүниетаным ерекшелігіне байланысты. Қой атаумен келген фразеологизмдерді қарастырсақ, қой — қазақ үшін бейбітшілік, тыныштық, үндестік символы. Осы түлікке байланысты *семіздікті қой ғана көтереді, қойдан жуас, қой аузынан шөп алмас, қойдай қоңыр, қой үстіне бозторғай жұмыртқалады* (тыныштық), *қой тауға жайылып жатыр* (тұрмысы жақсы, шаруасы жай), *қойдай өргізу, қозыдай көгендеу* (дегеніне көндіру), *қойдай жусатты* (айтқанын істетті), *қойдай бөріктірді* (у-шу етті), *қойға шапқан қасқырдай* (қырып-жою), *қойдай қырды, қозыдай маңырап табысты* (шұркырасып жолықты), *қойдай тоғытты* (үйіріп айдап салды) т.б. тілдік оралымдар қойдың жуас та биязы мінез-құлқын талдап, сол мінездің қазақ үшін қасиеттілігінен қалыптасса керек.

Сиыр, қой түліктері туралы С.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде, бірталай идиомдар келтірілген, мысалы: *ақтылы қой, өгіз қозыдай, қой көз, нар түс, сиырдың бүйрегі секілді*, т.б. [2].

Ұлттық ойлау жүйесінің ерекшелігін көрсету үшін теңеулерді салыстырып көрейік. Теңеулердің tertium comparationis (жалпы мазмұнында), яғни екі теңеуге түскен заттарды теңейтін компонентінде элеуметтік тәжірибенің фрагменттері пайдаланылды. Ал қазақтың негізгі өмір сүру тәсілі — малды бағу болғандықтан, теңеулердің жалпы мазмұнында адамдардың мінезі, түрі, қылығы төрт түліктің қимылымен, жүріс-тұрысымен теңеуге түсіп, көрсетіледі. Теңеулердің құрамы күрделі. Теңеу, логика категориясы ретінде өзінің құрамына үш құрылымдық компонентті кіргізеді: а) түсінікті талап ететін ұғым; 2) түсіндіру үшін қажетті ұғым; 3) tertium comparationis, екі компонентті біріктіретін, соның негізінде теңеуді жүзеге асыратын құрылым В.М. Огольцевтің пікірінше, теңеулердің құрамында келесі үш элементті айыру керек: 1) берілген элементтер; 2) бұрынғы элементтер; 3) нәтиже [4].

Қазіргі қазақ тілінде, Т.Қ. Қоңыровтың ойынша, қазақ, орыс тілінде екі құрылымдық және үш құрылымдық теңеулер бар. Осы екі тілдегі теңеулерді салыстыру нәтижесінде біз олардың лексикалық элементтерінде көбінесе мал атауларын атағанын көріп отырмыз, мысалы: өгіздей өкіру, байтал түгіл бас қайғы, ат жақты, ат басындай алтын, бота көз, қойдай жуас, қой күзеткендей, күйексіз қошқардай, өгіз аяң, бота тірсек, көгендеулі қозыдай, егіз қозыдай, қойдай қоңыр, т.б. Төрт түліктің аты теңеулердің образы ретінде жиі қолданылады. Мал-жануарлардың аты, түрі, түсі, қимылы басқа құбылыстармен заттармен салыстырылып, ойлау нысаны туралы елдің жағымды, не жағымсыз пікірлерін, бағаларын көрсетеді [5].

Осындай анималистік теңеулерді малдың аттары бойынша бірнеше топқа бөлуге болады:

1) «түйе» малының атаулары, осы ұғыммен байланысты теңеулер: «... Алдыма алып анықтап қарасам, мөлдіреген бота көзінен меруерт жасы парлап-ақ кеткен екен (Ғ. Мүсірепов. «Қазақ әйелі», 21-б); «Әсіресе оның бота көзі өзіне жаудырап қарап тұрғандай, көрінді» (І. Есенберлин. «Маңғыстау майданы», 169-б); «Мен өзі, сірә, зерек емеспін-ау деймін, бір әңгімені естісем, соны бірден түбіне жетіп түсіне қоймай, ойыммен оқтын-оқтын қайтып оралып, күйіс қайырған түйедей талмап барып жұтатын әдетім бар» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін»); «Серейіп өсіп қайда барасың, Нұрке? Сырық пысық, құрық пысық? Құдайым бойды берген-ақ, ә? Өттең аяғың төртеу болса, жұт жылғы арып шыққан боз тайлақсың ғой аумаған, — деп әзілдейді. Ебедейлі ерні, қошқар мұрны, қысық көзі — бәрі ынтымақтасып қойғандай бірлесе күледі» (Д. Әбілев «Ақын арманы»); «Беташарда ақын бала орталарында жоқ қайнысы Құрмаш үшін келінге сәлем салдырды. Жұрт сөйтіп бота тірсек бозбаланы және еске алды (Е. Әкімқұлов «Құрман»); «Машиналарын дүрілдетіп, беріштеніп қалған құм қиыршықты бұрғылаған үш-төрт жігіт, олар да ермек іздейді білем, жуас түйе жүндеуге жақсы дегендей, мұны қажап, қайдағы жайдағыны шұқылап сұрай беретін» (О. Бөкеев «Құм мінезі»).

2) Қой: Толық етті, ақ жүзді әйел болатын. Ашық мойны бұғақты, жұмыр сұлу еді. Бет тұлғасы да, аз кесектеу келсе де, сүйкімді сұлу болатын көзі қой көздеу, бұйраланған қара шашты еді» (М. Әуезов «Кінәшіл бойжеткен»); «Томпақтау дөңгелек қой көзі де шөрейіп тереңдеп, нұры өткірлене түскен» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін»). Қозы қарны бұлтиып, қоңыр костюмінің ортаңғы ілгегін шерітіп тұрғанымен ісі жоқ (М. Сүндетов «Ескексіз қайық»); «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деуші еді, Қасымбектің қазасының салмағы да маған кейінірек барып жетті» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін»).

3) Ат: Соғыстағы шапшаңдық, мықтылықтың үстіне, бұл қыстыгүні ат құлағы көрінбейтін боранда, айсыз қараңғы түнде жылқының ішінен бірде-бір күн қалмайтын» (М. Әуезов «Барымта»).

4) Сиыр: «Кешке күйеуіміз келсін. Қанша айтқанмен, ақша табатын солар ғой. Ақылдасайық... Ертеннен басқа да жексенбі бар ғой Брест те қашық емес. Келесі жұмада барса да бұл мәселе осылай жіңішкеріп барып, сиыр құйымшақтанып бітіп еді» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін»); «Жетекке ерген тайыншадай соңынан еріп, тағдырымды соның мойнына артып жетелеген жағына жүре бердім» (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін»).

Нәтиже және оны талдау

Малдың аты ұйытқы болған фразеологизмдердің бірнеше топтарға сұрыпталғанын қарап көрейік:

а) Адамның түрін, пішінін малдың аты анимализмдер суреттейтін фразеологизмдер: *қошқар мұрынды, ат жақты, атан жілік, бота көз, қой мойын (қысқа, жуан), қой көз, мысалы: «Иә мынау тап сол Таймас: бүркіт қабақ, қошқар тұмсық соның өзі...»* (Д. Әбілев «Ақын арманы»).

б) Өлшем, қашықтықты анимализмдер арқылы белгілейтін фразеологизмдер: *қозы көш жер, ат аяғы жетпейтін, қозы көгеніндей жер, ат бойы, ат құлағы көрінбейді, қой басындай ділдә, ат шаптырым жер, ат тұяғы келмеген, құнан шаптырым.*

в) Кейбір қару аттары: *қозы жауырын жебе (садақ оғы), қой боғындай қорғасын (мылтық оғы).*

г) Тәулік мезгілі: *сиыр түс кезі, бие сауын уақыт, бас бие сауын уақыт, ат қара тіл болғанда, қозы жамырайтын кез, т.б.*

д) Ұл немесе қызды жынысы бойынша ажырату: *атқа мінер, ат қосшылы болдың ба? Қырық жылқылы болдың па? Ат байлар (ер бала), ат ұстарлық өзіңе тартсын (ұл туралы тілек айту).*

е) Көлемді, салмақты білдіретін тіркестер: *ат төбеліндегі (азгантай, азгана), атан түйедей (үлкен) т.б.*

ж) Ұлттық салт-дәстүрлердің, ритуалдық әдет-ғұрыптарының ұғымын атау: *ат шапан айыбы, ат жарыс (бәйге), ат мінгізіп, тон кигізеді (шапан жапты) ат қосты (бәйгеге жіберді) ат байлады, ат басын тіреді, ат жарыс, ат көлігің аман ба?*

Ділімнің, ұлттық-мәдениеттің өзгешеліктігін білдіретін көрсеткіштердің бірі — идеографиялық маркерлер. Әр тілдің лексика-семантикалық жүйесінде сақталатын негізгі ұғымдар бірталай тілде белгілері бір болғандықтан универсалдық болады. Осындай универсалдық категорияларды А. Вежбицкая «Семантикалық примитив» деп зерттейді. Ғалымның пайымдауынша, семантикалық примитивтерге универсалдық ұғымдар жатады, әр түрлі тілдерде оларды атайтын сөздер болады дейді [6].

Осы еңбегінде автор семантикалық примитивтердің тізбесін ұсынады:

1. Субстантивтер — *сен, мен, ол, адамдар;*
2. Детерминанттар және квантификаторлар — *ол басқа, бір, екі;*
3. Ментальдық предикаттар — *ойлау, сөйлеу, сезіну;*
4. Баға — *жақсы, жаман;*
5. Дескрипторлар — *үлкен, кіші;*
6. Уақыт және орын — *қайда, қай жерде, кейін үстінде, астында;*
7. Метапредикаттар — *жоқ, сол үшін, егер;*
8. Интенсификатор — *өте;*
9. Таксономия және партономия — *түр/түс, бір бөлішегі;*
10. Қатал емес / прототип — сондай ұқсас.

Әр тілдерге ортақ семантикалық примитивтер ұлттық тілдерде идеографиялық жағынан нақтыланады, яғни семантикалық примитивтердегі көлемді ұғымды жан-жақты сипаттайтын мағыналық көлемі аз сөздер пайда болады. Осы сөздер көбінесе ұлттық өзгешелікті сақтайды, себебі олар жалпы ұғымды білдіретін сөздерді идеографиялық парадигматикалық қатарларда анықтап, негізгі ұғымды оның гиперонимиялық ұғымдарын келтіру арқылы семантикалық жағынан нақтылайды, мысалы, қазақ халқы мал шаруашылығын жақсы біледі, себебі ол көшпелілер үшін негізгі өмір сүру тәсілі, сондықтан, осы малмен байланысты іс-әрекеттердің атауларын малдың күтімін, өнімін, жайылымын сипаттайтын сөздер қазақ тілінің сөздік қорында көп. Орыс халқы дақылды баптайды, егін егеді. Олар үшін ауыл шаруашылық іс — негізгі өмір сүру тәсілі, сондықтан орыс тілінің сөздік қорында егін егу, шаруашылықпен байланысты сөздер көп және олардың ассоциативтік кеңістігі де көлемді. Осы екі тілдегі «мал», «сиыр», «қой» ұғымдарымен байланысты сөздерді салыстырып көрсек, біз идеографиялық жағынан айырмашылықтары бар екенін дәлелдей аламыз:

Жеребенек — құлын.

Қазақ тілінде құлынның оншақты атауы бар:

1. Құлын.
2. Құлыншақ.
3. Күн қақты құлын. Енесі мініліп жүріп — жөнді ембеген.
4. Бұдан құлын (әр тұқымнан тараған).
5. Дабыр аяқ құлын. Қыс айларында туған.
6. Мәйекті құлын. Енесінің сүтіне тойған.
7. Марқа құлын. Қыс ішінде туған.
8. Кенже құлын. Мамыр айының аяғында туған.
9. Қара құлақ құлын. Жас құлынның тез ширап байлануға келгені.
10. Жетім құлын.
11. Жабағы құлын. Алты, жеті айға толған құлын.

Идеографиялық конкретизацияның түрі — эмоционалды, экспрессивтік нақтылау. Қазақ тілінде «сиыр» мен байланысты атаулар едәуір көп, соған қоса, «сиыр» ассоциативтік кеңістігінде сиырдың

эмоционалды-экспрессивтік атаулары да кездеседі, мысалы: *тайынша-баспақ-сыыр: жынды* (сүзеген сыыр). Бұл атау сүзеген, сүзгіш сыыр деген мағынада қолданылады. Мұндай сыыр бұзаулағанда, сауғанда, жем-шөп бергенде өте қауыпты.

Жемір сыыр. Көзіне көргендердің барлығын талғмай жей беретін сыыр. Мысалы: жем-шөпті былай қойғанда, жайып қойған кірді, т.б. заттарды жей береді.

Жерігіш сыыр. Өз бұзауын өзін бауырына алмай, емізбей, оны сүзіп жолатпайды және су ішкенде кей уақытта жеріп су ішпей қояды.

Жуас сыыр. Маңайындағы малға да, адамға да тиіспейтін сыыр. Сауса да, жетектесе де, байласа да барлығына көне береді [7].

Орыс тілінде сыырды сипаттайтын эмоционалды атаулар аз, қараңыз: *бодливая, смиренная* (бодливой короле бог рога не дает).

Бұзау, торпақ, тайынша, құнажын.

1. *Бұзау* (сыырдың көктемде туған жас төлі).

2. *Бұзау қозы* (бұзауы өлген сыырды суалтпай, сүтін пайдалану үшін, қойдың қозысын, не ешкінің лағын телиді).

3. *Арамза бұзау* (сыырдың қыста туған бұзауы).

Қой атауларын идеографиялық талдау:

Қой — *қозы, тоқты, тұсақ, ісек, марқа.*

Қой — *бойдақ, еркек, дөнен, қазақы, қара, құйрықты, құнан, саулық, тұсақ, ісек.*

Осы мысалдардан ұлттық мінез, ұлттық көзқарасты халқымыздың қастерлі қасиетін, текпен сіңіп, сүтпен дарыған, замандардан заманға жалғасын тапқан ұлттық нақышы басым фразеологиялық тіркестерден ұлттық әлемнің тұтас бейнесі сақталғанын көреміз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, әр ұлттың ділімі тілде әр түрлі түрде көрініс береді. Қазақ ділімінің этномаркерлер ретінде біз келесі маркерлерді атаймыз: 1) төрт түлік пен байланысты фразеологизмдердің өзгешелігі; 2) ұлттық теңеулердің лексикалық компонентінде қазақ елінің материалдық мәдениетімен байланысты атаулардың қалыптасуы; 3) семантикалық примитивтердің әр тілде халықтың ділімін қалыптастырып, негізгі іс-әрекеттің бағдарына, ыңғайына қарай нақтылануы. Сонымен, XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген В.Гумбольдтше айтсақ: әрбір жеке тіл — ұлттың тілдік санасында қалыптасқан нәтижесі, сол себепті тілдің қызметі қандай деген мәселеге, оның ішкі өмірінің қалай дамығанын, ұлттың рухани күшін, оның өзіндік ерекшелігін түсінбейінше жауап беру мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең / Д. Кішібеков. — Алматы: Ғылым, 1999. — 200 б.
- 2 Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І. Кеңесбаев. — Алматы: Ғылым, 1997. — 712 б.
- 3 Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка / Е. Жанпейсов. — Алматы: АН КазССР, 1982. — 221 с.
- 4 Леви-Брюль Л. Первобытное мышление / Л. Леви-Брюль. — М.: Наука, 2009. — С. 268, 269.
- 5 Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері / Т.Қ. Бурбаев. — Астана, 2005. — 287 б.
- 6 Вежбицкая А. Сопоставление культур через посредство лексики и прагматики / А. Вежбицкая. — М.: Языки славянской культуры, 2001. — 272 с.
- 7 Нурсейтова А.А. Төрт түлік малға қатысты салт-дәстүрдегі ұлттық-мәдени сипаттағы фразеологизмдер / А.А. Нурсейтова // Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті хабаршысы. — 2011. — № 10. — Б. 375–379. 2009.

Ж.З. Кадина, Б.С. Сатеева

Отражение национального менталитета в наименованиях четырёх видов скота в казахском языке

В статье речь идет об отражении в названиях животных национального мировосприятия народа, их рекуррентности в языке и ассоциативном пространстве. Своеобразие менталитета связано с конкретными особенностями географической среды, способом и образом жизнедеятельности, духовными основаниями и мировоззренческими устоями нации. В исследовании проанализированы

наименования четырех видов домашнего скота. Поскольку основным способом жизнедеятельности казахов являлось пастбищное скотоводство, то в языковом содержании метафорических выражений и сравнений характер, тип, поведение людей сводятся к сопоставлению с повадками четырех видов домашних животных. А основная деятельность русского народа связана с земледелием, по этой причине наименования характерных черт связаны с сельскохозяйственным хозяйством. Для наглядного показа особенностей национальной системы мышления нами проведен анализ сравнений устойчивых словосочетаний: *егіз қозыдай, түйе өркешіндей, қойдай жуас, сиырдың бүйрегіндей, көгендеулі қозыдай* и т.д. Сопоставляя метафорические сравнения в двух языках, основанные на понятиях *лошадь, скот, корова, овца*, авторами предпринята попытка доказать их идеографические различия. Языковые единицы, явившиеся предметом когнитивной деятельности, выражающей концепции мышления каждой нации, становятся отличительными чертами ее от других народов. Любой язык и его языковые средства – это отражение культуры и ее своеобразия, знаки культурной идентичности. Такими знаками, по праву, выступают фразеологизмы, пословицы, сравнения, в которых сохранилась целостная языковая картина мира казахского этноса.

Ключевые слова: ментальность, язык, этнос, мировоззрение, географическая среда, четыре вида домашнего скота, быт, коммуникация, картина мира, национальное сознание, традиции и обычаи, образность, сравнение.

Zh.Z. Kadina, B.S. Sateeva

Reflection of the national mentality in the names of four types of cattle in the kazakh language

The article deals with the reflection in the names of animals of the national worldview of the people, their recurrence in the language and associative space. The mentality, of course, depends on many internal and external factors. The peculiarity of the mentality is associated with the specific features of the geographical environment, the way of life, the spiritual foundations and ideological foundations of the nation. The study analyzes the names of four types of cattle that underlie the mentality of the Kazakh people, reflecting the specifics of the national worldview. Since the main way of life of the Kazakh people was pastoral cattle breeding, in the language content of metaphorical expressions and comparisons, the character, type, and behavior of people are reduced to a comparison with the behavior of four types of domestic animals. The main activity of the Kazakh people is related to agriculture, so the names of characteristic features are associated with agricultural farming. In order to show the features of the national system of thinking we have reviewed comparisons: *егіз қозыдай, түйе өркешіндей, қойдай жуас, сиырдың бүйрегіндей, көгендеулі қозыдай* and etc. Comparing metaphorical comparisons based on the concepts of «horse», «cattle», «cow», «sheep» in two languages, we tried to prove their ideographic differences. Linguistic units that are the subject of cognitive activity, which express the concepts of thinking of each nation, become distinctive features of it from other nations. Any language means are the reflection of culture and its originality, act as signs of cultural identity. Such signs are phraseological units, proverbs, comparisons, in which the integral linguistic picture of the world of the Kazakh ethnos has been preserved.

Keywords: mentality, language, ethnic group, worldview, geographical environment, quadrupeds, everyday life, communication, image of the world, national consciousness, behavior, traditions, customs, image, equality.

References

- 1 Kishibekov, D. (1999). *Qazaq mentaliteti: keshe, bugin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow]*. Almaty: Gylım [in Kazakh].
- 2 Kenesbayev, I.K. (1997). *Qazaq tilinin frazeologiyalyk sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]*. Almaty: Gylım [in Kazakh].
- 3 Zhanpeisov, E. (1982). *Etnokulturnaia leksika kazakhskoho yazyka [Ethno-cultural vocabulary of the Kazakh language]*. Almaty: Akademiia nauk KazSSR [in Russian].
- 4 Levi-Brul, L. (2009). *Pervobytnoe myshlenie [Primeval thinking]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Burbaev, T.K. (2005). *Qazaq mentalitetinin damu erekshelikteri [Features of the development of the Kazakh mentality]*. Astana [in Kazakh].
- 6 Vezhbitskaya, A. (2001). *Sopostavlenie kultur cherez posredstvo leksiki i prahmatiki [Comparison of cultures through the medium of vocabulary and pragmatics]*. Moscow: Yazyki slavianskoi kultury [in Russian].
- 7 Nurseitova, A.A. (2011). *Tort tulik malga qatysty salt-dastyrdegi ulttyq-madeni sipattagy frazeologizmder [Phraseologisms of the national and cultural nature in the traditions and Customs related to cattles]*. Qostanai aleumettik-tehnikalyq universiteti khabarshysy [Bulletin of Kostanay social and Technical University], 2011, 3, 375–379 [in Kazakh]